

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ атындағы  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактикалық-арнайы даярлық кафедрасы

**АТУ ДАЙЫНДЫҒЫ**

**«Атыс даярлығы» пәнін оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулық.**

Дайындаған:  
ӘЖТАД кафедрасының  
аға оқытушысы  
Е.М. Махметов.

Кафедра отырысында  
талқыланды және мақұлданды  
№ \_\_\_\_\_ хаттама  
20\_\_ «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

**Қарағанды қ.2023 ж.**

«Ату дайындығы» пәні бойынша 6В12301 «Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларға арналған.

Құрастырған;  
Әскери және тактикалық-арнайы  
даярлық кафедрасының  
аға оқытушысы  
полиция капитаны

Е.М.Махметов

Кафедра мәжілісінде қарастырылды  
« » 20 ж. № хаттама

Әскери және тактикалық-арнайы  
даярлық кафедрасының бастығы  
полиция подполковнигі

Ф.Е.Бөрібай

## Ату даярлығы сабағын өткізуді ұйымдастыру

Ату даярлығы – ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін шыңдаудың негізгі бөлімі болып саналады. Барлық оқу және тәрбие жүйесі, курсанттардың келешекте Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарында қызмет етуіне байланысты білімдері, дағдылары мен жасай алулары және штаттық қаруларынан әр түрлі жағдайларда жауынгерлік тапсырмаларды орындай алуларына бағытталу тиіс.

Сондықтан кез-келген ішкі істер органдарының бастықтары жедел-ізвестіру және қызметтік шараларды ұйымдастыру барысындағы атыс дайындық шеберлігінің жоғары деңгейде болуына аса назар аудара отырып, қызмет бабында жоғары көрсеткіштерге жетуі мен қылмыскерлерді ұстау кезінде қарамағындағы қызметкерлердің денсаулығы мен өмірлерін сақтап қалу керек екендігін жақсы түсінуі қажет.

Атыс дайындығының жалпы әскери дайындықтың барлық өзге пәндері сияқты өзінің оқу әдістемесі бар. Атыс дайындығының әдістемесі келесі принциптерге негізделеді: оқудағы идеялық және ғылыми; әрқашанда ұрысқа дайын болу; үйренушілердің оқудағы саналылығы және белсенділігі; оқудағы көрнекілік; оқудағы жүйелілік және тізбектілік; оқуға қол жетімділік; үйренушілердің жеке-жеке бабын табу; алатын білім, ептілік және дағдының нақтылығы.

Оқытушы өзінің тәжірибесі, оқу сұрақтары, үйренушілердің ерекшеліктері және өзге талаптарға сәйкес сабаққа дайындала отырып, үйренушілерді мықты дайындайтын әдістер мен әдістемелік тәсілдерді таңдауы тиіс. Атыс ісіне шебер оқытудың соңғы шарты сабақтарды жоғары деңгейде және олардың көпшілігін тирде немесе атыс алаңдарында жағдайларында өткізу болып табылады. Ату тәсілдері мен ережесі, қашықтықтарды бақылау және оны анықтау сабақтары үйренушілердің барлық күшін салумен, максималды түрде шынайы нақты ұрысқа келтірілген жағдайларда өткізілуі керек. Атыс дайындығы бойынша әр сабақта қаруды бөлшектеу және жинауда, оны атуға дайындауда, ату кезінде мүмкін болатын кідірістерді жоюда және әртүрлі ату міндеттерін өздігімен шешуде үйренушілерді дағдыландыруға әсер ететін сұрақтар болуы керек.

Осы әдістемелік құралдың негізгі міндетін былайша беруге болады: атыс дайындығының барлық тараулары бойынша оқудың жалпы теориялық негіздерін беру, солардың негізінде сабақты жүргізуші оқудағы жеке сұрақтарды шығармашылық тұрғыда шешіп, нақты мысалдармен бағдарламаға айтарлықтай тән негізгі тақырыптар бойынша сабақтар ұйымдастыру мен жүргізудің ерекшеліктерін көрсете білуі тиіс.

Оқытушы-офицер, бастамашылық пен шығармашылық рухты таныта отырып, барлық әдістемелік құралдар мен ұсыныстарды пайдаланып, атыс дайындығы және жергілікті жағдайларда сабақты ұйымдастыру мен оны

жүргізуді жақсартуға тиіс. Ол әр сабақтың алдыңғыға ұқсас болмауына, әрбір үйренушінің жетістіктерін белгілеп, кафедрада оқитын курстағы барлық тыңдаушылардың ойына қондыратындай етіп жүргізуге тырысуы керек.

Сабақты ұйымдастыратын оқытушы-офицер сабақтарда және атыс кезінде жұмсақтық көрсету, жеңілдету және қамқорлық жасау бастамашыл және жеке дара мерген тәрбиелеуге септігін тигізбейтінін және оқытушы-офицер беделіне зиян келтіретінін әрқашанда есте сақтауы керек.

Оқыту үдерісі дегеніміз белгілі бір білім алуға, ептілік пен дағды алуға, сондай-ақ жоғары моральды-ұрыстық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған оқытушы қызметі және білім алушы қызметі. Бұл үдерісте оқытушы басқару рөліне ие. Оқу мақсатты және нақты болуы үшін оқытушы атыс дайындығы сұрақтарына қатысты білім, ептілік пен дағдының нені білдіретінін нақты анықтап алуы тиіс.

**Білімді меңгеру** – оқытушы берген материал мазмұнын жадында сақтап қалып қоймай, оның мәнін түсініп, қорытынды жасап, тәжірибелік тұжырым шығаруды білдіреді. Қаруды (автомат, тапанша) білу бөлшектері мен механизмдерінің атауын ғана біліп қана қоймай, олардың мақсаты мен ату кезіндегі атқаратын жұмысын түсінуді білдіреді. Ату ережесін білу – бұл оларды есте сақтап қана қоймай, басқасы емес дәл осындай ереженің қабылдануын түсіну.

**Ептілік** – тиісті білімді пайдалана отырып, яғни өзінің практикадағы білімін қолданып, қандай да бір практикалық әрекеттерді саналы түрде орындауды білдіреді. Егер білімін тәжірибеде қолдана алмаса, онда ол пайдасыз жүк болады. Сондықтан курсант қарудың құрылғылары бойынша алған білімінің негізінде қаруды атуға дұрыс дайындай білуі және ату тәсілдерін орындауы тиіс.

**Дағдылану** – бар білетінін практикалық әрекеттерді орындау кезінде әдетке айналатындай етіп жетілдіруді білдіреді, яғни осы әрекеттерге негіз болатын білімді әр кез еске алуды керек етпейтіндей. Атыс дайындығында дағдылану маңызы зор. Дағдылану ату тәсілдерін орындау кезінде қарумен жұмыс жасауда ғана қажет емес, сондай-ақ нысананы, оған дейінгі қашықтықты анықтап, метеорологиялық жағдайларды және нысананың қозғалу сипатын ескере отырып, көздеу мен көздеу нүктесін таңдауда да қажет.

Оқу үдерісі курсанттардың оқитын пәндер мен құбылыстарды қабылдауынан басталуы тиіс; білім алумен қатар және одан кейін де алынған білімді дағдымен бекітіп, ату жаттығуларын жүргізу кезінде тәжірибеде қолдану қажет. Атыс дайындығының көптеген бөлімдері үшін оқытудың мұндай жолы айтарлықтай пайдалы. Сонымен, мысалы, қаруды оқып білуді ұрыс қасиеттерін бейнефильмдерден көруден бастаған жөн. Автоматтан (тапанша) ату тәсілдеріне үйренуді бастамас бұрын жетекші білім алушыларға аталмыш тәсілдердің орындалу тәртібін өзі үлгілі түрде көрсетуі керек.

Үйренушілер қабылдаудан әсер алғаннан кейін бақылау негізінде алған білімдерін қандай да бір деңгейде меңгеріп, пысықтайды. Сөйтіп, ойлаумен қатар белгілі бір ұғымдар ойға қонып, есте сақталады. Есте сақтау қабілеті білім алушыға аталмыш ұғымды оқып білу мақсаты қаншалықты нақты болуы және оның пайдасын түсінуіне айтарлықтай тәуелді. Сонымен қатар алған білімін бекіту кезінде есте сақтаудың беріктігі материалды оқып-білу үдерісінде, сонымен бірге атыс жаттығуларында қамтамасыз етіледі.

Берік білім алу мен дағдылануға үйренушілердің сабақтарға қызығушылық танытуы, жетекшінің барлық тапсырмаларды ұқыпты, дәл және уақытылы орындауын талап етуі, жетекшінің жақсы үлгілік әрекеті, сабақты терең оймен ұйымдастыру және әр үйренушінің нәтижелерін үнемі көрсету әсер етеді.

### **Атыс дайындығы сабақтарында оқу қағидаттарын қолдану**

Оқу қағидаттары оқу үдерісінің маңызды заңдылықтары мен мақсаттарын көрсететін жалпы ережені білдіреді және сабақты ұйымдастыру мен оны жүргізу кезінде оқытушы қызметінде бастапқы деректер қызметін атқарады. Жоғарыда айтылғандай, атыс даярлығы мен тәрбиелеу негізіне келесі қағидаттар алынған: оқудағы идеялық және ғылымдылық; ұрысқа үнемі дайын болуды қамту; оқудағы саналылық және белсенділік; оқудағы көрнекілік; оқудағы жүйелілік және тізбектілік; оқуға қол жетімділік; үйренушілердің бабын табу; алған білімі, ептілігі мен дағдысының беріктілігі. Атыс дайындығына қолданылатын әр қағидаттың мәнін қарастырайық.

**Оқудағы идеялық және ғылымилық.** Бұл қағидат тәрбиелеу мен оқытудың тұтастығын, оқу материалын диалектикалық материализм тұрғысынан баяндауды, үйренушілерді патриотизм және өз Отанына шексіз берілу рухында тәрбиелеуді қажет етеді.

Атыс дайындығы сабақтарында үйренушілерді жоғары материалды-ұрыс сапаларына тәрбиелеуге олардың нақты білім алуы, атыс жағдайларына қарай қарумен әрекет етудегі білгендері мен дағдысы әсер етеді. Қарудың материалдық бөліктерін, оны қолданудың тәсілдері мен ережелерін оқып білу кезінде жетекші біздің қарудың ұрыстық күштілігін түсіндіріп, оларды қаруға ұқыпты қарауға тәрбиелейді.

Үйренушілерді тәрбиелеуде сабақты дұрыс ұйымдастыру да өте маңызды. Оқу уақытын нақты жоспарлау, оқыту әдістемесін, өздігімен жұмыс жасауда тапсырмаларды таңдау және олардың орындалуын тексеру, білімін бағалау және т.б. – бұның бәрі үйренушілерді оларға тәртіптілік, ұйымшылдық пен жауапкершілік сезімін ұялата отырып тәрбиелейді. Сабақтарда әртүрлі жұмсақтық көрсету, жеңілдіктер жасау мен «шала дайындау», керісінше, білім алуға, сондай-ақ тәрбиелеуге зиян келтіреді.

**Үнемі ұрысқа дайын болуды қамту.** Жеке құрам ату тәсілдерін меңгеріп, оның ережелерін білуі қажет. Сабақтарда алған білімдері мен дағдыларын заманауи ұрыстың күрделі жағдайларында қолдана білетіндей болуға тиіс.

### **Білім алудағы саналылық пен үйренушілердің белсенділігі**

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің күші біріншіден жауынгерлердің саналылығында. Аталмыш қағидатты жүзеге асыру үйренушілердің бағдарламаны жетік меңгеру қажеттілігіне нақты көз жеткізуін болжайды. Бұған тәрбие жұмыстарымен қол жеткізіледі. Сонымен қатар, білім алудағы саналылық үйренушілердің алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде дұрыс қолдануды үйренумен бағдарламаның барлық бөлімдерін саналы түрде ойға тоқуларын талап етеді. Білім алудағы саналылық студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуы кезінде ғана мүмкін. Үйренушілер әрекетсіз тыңдаушы мен бақылаушы болмауы керек. Сабақтарды үйренушілер материалды ойға тоқып, қорытындылап, дұрыс тұжырымға өздері келетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Үйренушілердің сабақтағы белсенді қызығушылығын тудыруды, сабақ мазмұнына қатысты емес, өзге сырт тәсілдермен арттыруға да болады. Алайда ең бастысы оқытушының үйренушілерді ойлауға, дұрыс жауап іздеуге және бір әрекеттерді саналы түрде қайталауға, алға қойылған мақсаттарға жетуге баулуында. Сабақтарда жоғары нәтижеге жетуде тыңдаушылар, бөлімшелер, взводтар арасында сайыс жүргізу, жаңа әдістемелік тәсілдер қолдану, сабақ барысында қандай да бір сұрақты айтарлықтай нәтижелі меңгерген тыңдаушылар аты-жөнін атау да үйренушілердің белсенділігін жоғарылатуға септігін тигізеді.

**Оқудағы көрнекілік.** Көрнекілік назарды аулайды, түсінуді жеңілдетеді, оқу материалын жақсы меңгеруге септігін тигізеді. Ол көбіне материалдық қамтуға тәуелді. Оқып білуге жататын заттар, яғни оқу қаруы, оқ-дәрілер, граната муляждары, атысты бақылау және басқару аспаптары ең жақсы көрнекі құралдар болып табылады. Алайда, кей кездерде оқыту кезінде қару мен оқ-дәрілердің макеттеріне, жекелеген бөліктер мен механизмдердің бөліктері мен жұмысын жақсылап көрсететін плакаттар мен сызбаларға және т.б. да жүгінген жөн.

**Атыс даярлығы бойынша көрнекі құралдарды келесі топтарға бөлуге болады:**

1. Атыс және оқу қаруы, оқ-дәрілер және бақылау аспаптары.
2. Зерделенетін қару, оқ-дәрі мен аспаптар үлгілерінің макеттері. Бұған оқып-білуге жататын заттарды көрсететін және шартты түрде құбылыстарды бейнелейтін оқу құралдары жатады, мысалы атысты елестететін құралдар, траектория элементтерінің макеті, жасанды қарауыл және т.б.

### 3. Плакаттар, суреттер, үлгілер, сызбалар, диаграммалар, оқу кинофильмдері және өзге графикалық оқу құралдары.

Оқыту кезіндегі көрнекілік принципі оқытушыдан барлық оқу құралдарын (қару, макет, сызба және т.б.) шебер пайдалануын талап етеді. Барлық оқу құралдарын бірден алдын ала ілудің және үстел үстіне қоюдың қажеті жоқ, олар қажет болуына қарай көрсетілуі керек. Сонымен қатар, сабақты көрнекі құралдармен үйіп тастауға немесе меңгерілетін материалға тікелей қатысты емес оқу құралдарын пайдалануға да болмайды. Сабақтарда көрнекілік принципі оқытушының өзінің тәлім беруімен де жүзеге асырылады. Оның сөйлеуі нақты және айқын, қарумен (аспап, плакат және т.б.) жасаған іс қимылдары дұрыс және үлгі болатындай болуы керек. Оқытушы-офицердің сырт келбеті мен тәртібі жарғы мен бұйрық талаптарына сай болуы тиіс.

**Оқытудағы жүйелілік пен реттілік.** Жүйелілік пен реттілік бағдарламаны құру кезінде, сабақты жоспарлау кезінде негізге алынады және оқу материалын баяндау ретін табады. Бұл принципті сақтау атыс тапсырмаларының теория сұрақтарының тәжірибеде шешіммен, өткен тақырыптың жаңа материалмен қаншалықты тығыз үйлесуіне және білім мен дағдылардың қаншалықты тереңдетіліп, жетілдірілуіне байланысты. Материалды жүйелі түрде баяндау – яғни оны бөліктер (оқу сұрақтары) бойынша меңгеру, ондағы басты сәттерді айқындау, әр сабақтың жалпы идеясын ашу және тұжырымдау. Материалды меңгеру мен дағды алу жүйелі және рет-ретімен болуы үшін оларды уақытылы ойға қондырып, сондай-ақ үйренушілердің сабақта жіберілген бос уақыттарының орнын толтыру керек.

**Оқудағы қол жетімділік.** Оқудағы қол жетімділік принципі оқып-үйренетін сұрақтар мазмұны мен көлемі үйренушілердің жалпы дамуына сай болуын және олардың біліміне қоса бағдарлама сұрақтарын жетік меңгеруіне септігін тигізуді талап етеді. Оқыту үдерісінде қол жетімділік принципі белгіліден белгісізге, қарапайымнан күрделіге көшуді қарастырады. Тыңдаушы үшін көлемді әрі ауыр материал сабаққа қызығушылықты төмендетеді, оқудағы өздігімен жұмыс жасау мен белсенділікті дамытпайды және үйренушілердің өз күшіне сенуін жоғалтады. Алайда, бұл үйренушілерді материалды өздігімен оқып және ойға салуға үйретуді жоққа шығармайды. Үйренушілердің қандай да бір сабақта танысқан оқу материалының көлемі мен мазмұны сол сабақтың өзінде ақ жетік меңгеріліп, пысықталуы керек.

**Курсанттармен жеке жұмыс жасау.** Мерген, саналы, тәртіпті атқышты дайындау – әр курсанттың жеке ерекшеліктерін білу, оның әр қатесі мен әр жетістігін талдау кезінде ғана мүмкін. Жеке ерекшеліктерін ескеруді оқытушының курсанттардың біліміне бірдей емес талап қою деп түсінуге болмайды. Білімге қатысты талаптар бірдей болуы керек, бірақ әрбір курсант тәжірибеде сұрақтарды өзінше шешеді, өздігімен бастамашылығын, белсенділігін, қандай да бір сұраққа қызығушылығын көрсетеді. Курсанттар

оқу материалын әртүрлі қабылдайды – біреулері тез, ал біреулері баяу. Сондықтан ұқыпты болып, кейбір курсанттарды қалып қоюшылар қатарына қосуға асықпау керек, мұндай әрекет олардың өз күштеріне сенімсіздігін тудырады, олар алдыңғы қатарда болуға сенімдерін жоғалтады.

**Білім, ептілік пен дағдының беріктігі.** Бұл принцип алдында оқылған материалдың жүйелі түрде қайталануын, алынған білімді жетілдіруді және олардың жаңа айтарлықтай күрделі жағдайларда қолдануын талап етеді. Меңгеру нақтылығы оқытудың барлық үдерісінің қалай ұйымдастырылуына, оқытушының – сабақ жетекшісінің қандай үлгі көрсететініне байланысты. Сабақтың нақты жүргізілуі мен ұйымдастырылуы, барлық тапсырмалардың мұқият және дәлдікпен орындалуы, үнемі білім алушыларға талап қою, жетекшінің сабаққа мұқият дайындалуы, оның атыс қаруларынан ату ережесі мен тәсілдерін шебер орындауы курсанттардың нақты білім алуы және дағдылануына әсер етеді.